

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ABAI PROGRAM» БІЛІМ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ
КІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама).

«Abai Program» білім нәтижелерін бағалаудың кіріктірілген жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 16 б.

Әдістемелік ұсынымдарда «Abai Programme» аясында білім нәтижелерін кіріктірілген бағалау жүйесінің мазмұны, құрылымы және практикалық қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Құзыреттілікке негізделген формативті, жиынтық бағалау түрлерінің өзара байланысы көрсетіліп, олардың білім алушы дамуына әсері жан-жақты талданады. Сонымен қатар, GPA және SGPA жүйелері арқылы білім алушының академиялық және әлеуметтік жетістіктерін кешенді бағалау тәсілдері ұсынылады.

Ұсынымдарда педагогтер үшін оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлерін құрастыру, тиімді кері байланыс беру, өзін-өзі және бірін-бірі бағалау әдістерін қолдану жолдары нақты мысалдармен берілген. Бағалау нәтижелерін оқу сапасын арттыру құралы ретінде пайдалану жолдары ұсынылады. Ұсыным жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істейтін пән мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне және әдіскерлерге арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025.

КІРІСПЕ

Бүгінгі жаһандану жағдайында білім беру жүйесі елдің зияткерлік әлеуетін, ұлттық санасын және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың шешуші тетігіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық мектептер мен ұлттық білім беру бағдарламаларын әзірлеу – елдің болашағына салынған стратегиялық инвестиция ретінде ерекше өзектілікке ие.

Ұлттық мектеп – бұл тек білім беретін мекеме ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдениет пен тарихты құрметтейтін тұлғаны тәрбиелеудің орталығы. «Абай ұлттық мектебі» дәл осы міндетті көздейді. Мұнда қазақ халқының философиясы мен рухани-мәдени мұрасы оқу үдерісінің өзегіне айналып, білім алушылар ұлттық сана, тарихи жады, тіл мен дәстүрге негізделген тәрбие алады. Бұл ұлттық мектептерді әзірлеудің маңыздылығын нақты көрсетеді – олар ұлттың тамырынан ажырамай, әлемдік өркениетпен қатар дамуға жол ашады.

«Абай Programme» білім беру бағдарламасы – халықаралық тәжірибеге негізделген, бірақ сонымен бірге ұлттық ерекшеліктерді ескеретін интеграцияланған жүйе. Бұл – ұлттық мектептер мен бағдарламалардың тек дәстүрлі емес, заманауи форматта құрылуының үлгісі. Мұнда IB, A-Level сынды халықаралық стандарттар ұлттық құндылықтармен тоғысып, білім алушыға кең дүниетаным мен ұлттық өзіндік сананы қатар дамытатын білім кеңістігін ұсынады.

Қазіргі қоғамның талабы – дайын ақпаратты жаттап алған білім алушы емес, оны саралап, жаңасын құра алатын, дербес ойлайтын тұлға. «Абай Programme» аясында білім беру жеке оқу траекториясын құруға бағытталған, бұл – әр білім алушының қабілеті мен мүддесіне қарай дара жолмен дамуын қамтамасыз ететін тәсіл. Мұндай білім беру тәсілдері ұлттық мектептерде кеңінен енгізілуі тиіс, себебі олар білім алушыларды стандартты емес шешімдер қабылдауға, сыни ойлауға және зерттеушілікке баулиды.

Ұлттық мектептер оқытуды өмірмен байланыстыруы қажет. Пәндік білім тек оқулықпен шектелмей, жобалар, зертханалық жұмыс, қоғамдық және кәсіпкерлік тәжірибелермен толықтырылуы тиіс. «Абай Programme» моделі осындай пәнаралық, тәжірибеге бағытталған тәсілдерді ұсынады. Бұл білімді шынайы өмірде қолдана алатын, бейімделгіш, жауапты тұлға қалыптастырудың тиімді жолы.

Ұлттық мектептердің міндеті – тек мемлекеттік тілді меңгерту ғана емес, сонымен қатар әлемдік тілдерде еркін сөйлейтін көптілді тұлға тәрбиелеу. «Абай ұлттық мектебі» түлектерінің қазақ, ағылшын, орыс және төртінші шет тілін меңгеруі – тілдік саясаттың теңгерімді үлгісі. Бұл білім алушыларға халықаралық кеңістікте еркін әрекет етуге жол ашады, бірақ сонымен қатар қазақ тіліне басымдық беру арқылы оны лингва франка деңгейіне көтеру – ұлттық идеяның өзегі ретінде қалыптасады.

Ұлттық білім беру бағдарламалары мен мектептер ұлттың стратегиялық әлеуетін қалыптастырады. Болашақ көшбасшылар, ғалымдар, кәсіпкерлер, дипломаттар мен мәдениет қайраткерлері осы мектептерде тәрбиеленеді. Мысалы, «Абай ұлттық мектебі» түлегінің моделінде елге қызмет етуге бағытталған, ұлттық болмыс пен жаһандық ойлау қабілеті бар тұлға бейнесі анықталған. Бұл модельді басқа да ұлттық мектептерге үлгі ретінде қолдануға болады.

Ұлттық мектептер мен ұлттық білім беру бағдарламаларын әзірлеу – Қазақстанның рухани, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығының іргетасы. Олар ұлттың өз болмысын жоғалтпай, жаңаша жаңғыруына мүмкіндік береді. «Абай Programme» моделі осы бағыттағы стратегиялық шешімдердің бірі ретінде танылып, білім берудің жаңа белесіне шығуға жол ашады. Бұл бағдарламалар тек білім алушыларға білім беріп қана қоймай, ұлтты өркениетті елдер қатарына қосатын сапалы адами капиталды қалыптастырады.

1. БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ КІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 «Abay Programme» оқу бағдарламасының ерекшеліктері

«Abay Programme» – халықаралық және ұлттық білім беру стандарттарын интеграциялаған, заманауи, көпқұрылымды және көпдеңгейлі білім беру бағдарламасы. Бұл бағдарлама білім алушылардың зияткерлік әлеуетін, азаматтық жауапкершілігін, ұлттық сана-сезімін және жаһандық құзыреттерін дамытуды көздейді. Оқыту үдерісі осы бағдарламаның қағидаттарына негізделіп құрастырылған.

«Abay Programme» құрылымы IB (International Baccalaureate), A-Level және Advanced Placement (AP) секілді халықаралық білім беру жүйелерінің үздік үлгілеріне сәйкестендірілген. Бағдарлама білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін және өзіндік танымын дамытуға бағытталған. Оқытудың мазмұны пәндік біліммен қатар метапәндік дағдыларды да қамтиды, бұл білім алушыларды заманауи әлемнің күрделі мәселелерін шешуге дайындайды.

«Abay Programme» екі деңгейлі пәндер жүйесін қамтиды:

- *Міндетті пәндер* – негізгі академиялық пәндерден тұрады және барлық білім алушылар үшін ортақ білім мазмұнын қамтамасыз етеді. Бұл пәндер жаратылыстану-математикалық, гуманитарлық және тілдік бағыттарды қамтиды.

- *Таңдау пәндері* – білім алушылардың қызығушылықтары мен болашақ кәсіби бағытына сай таңдалып, жекешелендірілген білім траекториясын құруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқытудың дербестігін қамтамасыз етіп, білім алушының өзіндік дамуына жағдай жасайды.

Бағдарлама аясында ғылым, технология, инженерия, математика (STEM), гуманитарлық ғылымдар және тұлғалық даму бағыттары бойынша тереңдетілген оқыту ұйымдастырылады. Бұл білім алушылардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тең дәрежеде дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында мектептің құндылықтары мен миссиясын бейнелейтін бірегей авторлық пәндер енгізілген. Бұл пәндерге «Мінез тәрбиесі (Толық адам)», «Әдеп және дипломатиялық протокол», «Тұлғатану», «Елге қызмет», «Қазақстанның орнықты даму мақсаттары» сияқты курстар жатады. Аталған пәндер арқылы білім алушыларда ұлттық сана, этика, азаматтық жауапкершілік және көшбасшылық қасиеттер қалыптасады.

7–10 сыныптар – негізгі академиялық дайындық кезеңі болып есептеледі. Бұл кезең Білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, дүниетанымын кеңейтуге, оқуға ынтасын арттыруға және тұлғалық іргетасын қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны меңгеруге басымдық беріледі. Бұл деңгейде білім алушылар түрлі білім салалары бойынша базалық әрі кеңейтілген білім алып, өзінің болашақ бейінін

айқындауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, тілдерді меңгеру, зерттеу дағдылары, шығармашылық жұмыс пен практикалық әрекеттер үйлесімді жүзеге асырылады.

11-12 сыныптар – бейіндік тереңдетілген оқыту кезеңі болып табылады. Бұл сатыда білім алушылар өзінің таңдаған академиялық бағыты бойынша терең білім алады. Оқыту мазмұны жоғары оқу орындарына түсуге бағытталған, ал сабақ форматы – зерттеу, жобалық жұмыс, презентация және дебат арқылы жүзеге асады. Білім алушылар жаһандық құзыреттерді (көптілділік, медиасауаттылық, технологиялық сауаттылық және т.б.), көшбасшылық қабілеттерді және стратегиялық ойлау дағдыларын меңгереді. Сондай-ақ, таңдаулы университеттерге түсуде қажетті портфолио жинақтап, академиялық еркіндік пен дербестікке үйренеді.

«Абай Programme» бағдарламасы бірнеше авторлық бағдарламаларды қамтиды: «Мінез тәрбиесі / Толық адам / Character Education» (курс эмоционалды интеллектті, өзін-өзі тануды және психологиялық тұрақтылықты дамытуға арналған); «Әдеп / Іскерлік этикет және протокол» (курс іскерлік коммуникацияның принциптерін, ұлттық және халықаралық этикет пен дипломатиялық протокол негіздерін қамтиды және білім алушылар іскерлік ортада өзара әрекет ету нормаларын, келіссөздер мәдениетін және қоғамдық сөйлесулердің ерекшеліктерін зерттейді); «Тұлғатану» (курс Қазақстанның дамуында маңызды рөл атқарған көрнекті тұлғалардың өмірбаяндарын, идеяларын және үлестерін зерттейді); «Елге / Қоғамға қызмет» (курс менеджмент, саясаттану және әлеуметтік жауапкершілік негіздерін біріктіреді. Білім алушылар тиімді басқару үлгілерін, азаматтық қоғамды қалыптастыру механизмдерін және қоғамдық сектордағы көшбасшылық принциптерін зерттейді); Қазақстанның орнықты дамудың мақсаттары (курс БҰҰ-ның жаһандық бастамалары аясында Қазақстанның тұрақты даму стратегияларын зерттеуге арналған).

Бұл пәндер мектептің миссиясы мен құндылықтарына сәйкес әзірленген және білім алушылардың адамгершілік-рухани дамуына, ұлттық және жаһандық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған.

«Абай ұлттық мектебінде» тілдік дайындық – білім беру үдерісінің іргелі және стратегиялық бағыты. «Абай ұлттық мектебінде» тілдік дайындық төрт тілді меңгеруге бағытталған. Қазақ тілі негізгі оқыту тілі ретінде C2 деңгейінде меңгеріледі және білім алушылар академиялық, кәсіби дискурсты еркін игеруге қабілетті болады. Бұл тіл – ұлттық сана мен рухани сабақтастықты қалыптастырудың тірегі. Ағылшын тілі C1 деңгейінде тереңдетіліп оқытылады, бұл шетелдік ЖОО-ға түсуге, халықаралық емтихандар тапсыруға және ғылыми жобалар жүргізуге мүмкіндік береді. Ағылшын тілі пәндік-тілдік интеграция (CLIL) арқылы өзге пәндермен де ұштасып оқытылады. Орыс тілі мен төртінші шет тілі білім алушылардың көптілділігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Орыс тілі B2/C1 деңгейінде меңгеріліп, ТМД елдерімен байланыс және академиялық коммуникация құралы ретінде қолданылады.

Төртінші тіл ретінде қытай, араб, француз немесе басқа тіл таңдалып, білім алушылар оны B1/B2 деңгейінде меңгереді. Бұл білім алушылардың халықаралық ортада бейімделуін, көпмәдениетті коммуникацияда еркін әрекет етуін қамтамасыз етеді.

«Abay Programme» білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктерінің бірі — білім алушыларға алғашқы кәсіпті меңгеру мүмкіндігін беру арқылы оларды нақты еңбек нарығына бейімдеу. Бұл бағдарлама тек академиялық білім беріп қана қоймай, білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары мен болашақтағы еңбек жолын саналы түрде таңдауға жол ашады. Мектептің миссиясы мен түлегінің атрибуттарына сай әзірленген микроквалификациялар жүйесі — тұлғаның жан-жақты дамуын, икемді дағдыларын қалыптастыруды, болашақ маман ретінде қалыптасуын көздейді.

Микроквалификациялар – қысқа мерзімді, нақты бағытқа бағдарланған оқыту модульдері. Олар білім алушыларға еңбек нарығында сұранысқа ие алғашқы кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл жүйе білім алушылардың табиғи бейімділігі мен қызығушылықтарын ерте анықтауға, кәсіби өзін-өзі тануға және өмір бойы білім алу траекториясының негізін қалауға ықпал етеді.

Оқыту процесінің соңында білім алушылар тиісті сала бойынша кәсіби сертификат алып шығады. Бұл сертификаттар оларды жоғары оқу орнына түспей-ақ кәсіби қызметке араласуға немесе болашақ мамандығын саналы таңдауға мүмкіндік береді.

1.2 Білім беру бағдарламасы аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың шетелдік тәжірибесі

Eton College – Ұлыбританиядағы ең беделді мектептердің бірі, ол елдің саяси элитасын даярлайды, мұнда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі терең ойластырылған және білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған. Бағалау жүйесі тек академиялық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, көшбасшылық және жеке жауапкершілік сияқты маңызды қасиеттерді де қамтиды.

Eton College-де формативті бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тәсіл білім алушылардың ағымдағы білім деңгейін анықтап, оларды әрі қарай дамытуға бағытталған. Формативті бағалау арқылы мұғалімдер білім алушыларға нақты, дер кезінде және құрылымды кері байланыс береді, бұл олардың оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік туғызады.

Eton College-де бағалау жүйесі тек академиялық көрсеткіштермен шектелмейді. Мұнда білім алушылардың тұлғалық дамуына, көшбасшылық қабілеттеріне және әлеуметтік жауапкершілігіне де үлкен мән беріледі. Бұл кешенді тәсіл білім алушылардың жан-жақты дамуына және болашақта табысты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді [1].

АҚШ-та саясаткерлерді және беделді ғалымдарды шығарған Phillips Exeter Academy ең беделді жекеменшік дайындық мектептерінің бірі және жоғары академиялық стандарттарымен, көшбасшылықты дамытуға бағытталған бағдарламаларымен және жан-жақты тәрбиелеу тәсілімен ерекшеленеді.

Phillips Exeter Academy — АҚШ-тағы ең беделді жекеменшік мектептердің бірі және әлемдік деңгейдегі академиялық мекеме ретінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда заманауи, білім алушыға бағытталған және тұлғалық дамуға негізделген тәсілдерді қолданады. Бағалау жүйесі тек сандық көрсеткіштермен шектелмей, әр білім алушының оқу барысындағы даму динамикасын, жеке ерекшеліктерін және әлеуетін кешенді түрде сипаттайды.

Phillips Exeter Academy-де қолданылатын ең басты бағалау ерекшеліктерінің бірі — narrative assessment жүйесі. Бұл — білім алушы жетістігін сипаттамалық тәсілмен бағалау формасы, мұғалімдердің дәстүрлі баға қоюмен шектелмей, әр білім алушы жайлы жеке пікір, оқу барысындағы прогресс, қиындықтар мен жетістіктер, дамуға ұсыныстар жазуы. Мұндай тәсіл білім алушының академиялық жетістіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді әрі оның әлеуетін аша түседі.

Narrative assessment формативті бағалаудың кеңейтілген және сапалық түрі болып табылады. Мұнда білім алушы тек «қанша балл алды» дегеннен гөрі, «қай жерде жетістікке жетті», «қай тұста өсу қажет», «қандай оқыту әдістері тиімді болды» деген сұрақтарға нақты, мазмұнды жауап алады. Бұл бағалау әдісі білім алушылардың өзін-өзі тануына, рефлексия жасауына **және** оқуға деген ішкі мотивациясының артуына зор ықпал етеді.

Phillips Exeter Academy әлемге әйгілі Harkness әдісін қолдануымен де танымал. Бұл — оқытудың диалогтық, білім алушыны орталыққа қоятын әдісі. Сабақтарда білім алушылар дөңгелек үстелге отырып, материалды өзара талқылау арқылы игереді. Мұғалім бағыттаушы ғана. Бұл әдіс білім алушылардың пікір айту мәдениетін, бірін-бірі тыңдау дағдыларын, сыни және креативті ойлауын дамытады [2].

Бағалаудың бұл түрінде тек нақты жауап емес, талдау жасау қабілеті, топпен жұмыс істеу, көшбасшылық көрсету, өз ойын дәлелдеу және дәлелсіз пікірден ажырату сияқты дағдылар ескеріледі. Мұғалімдер сабақтағы белсенділік, аргументация сапасы және топтық жұмысқа қосқан үлесті үнемі бақылап, соған сай кері байланыс береді.

1.3 «Abay Programme» білім беру нәтижелерін бағалау ерекшеліктері

«Абай ұлттық мектебінде» енгізілген интеграцияланған критериалды бағалау моделі Eton College-дегі бағалау жүйесіне ұқсас, білім алушылардың оқу жетістіктерін кешенді бағалауға бағытталған, онда пән бойынша күтілетін нәтижелер мен икемді дағдылар мен метапәндік құзыреттерді органикалық түрде біріктіріледі.

«Абай Programme» бойынша бағалау моделі бағдарлама бойынша пәндік құзыреттермен қатар мектеп түлегі моделімен анықталған құзыреттерді (мемлекетшілдік, академиялық жетістік, сыни және шығармашылық ойлау, эмоционалды интеллект, жауапкершілік, коммуникативтілік және ынтымақтастық) біріктіре отырып жүзеге асады. Пәндік білім, метапәндік дағдылар, жеке қасиеттер мен әлеуметтік белсенділік толық ескеріліп, бағалау мазмұнына енгізіледі.

«Абай Programme» білім нәтижелерін кіріктірілген бағалау жүйесі келесі компоненттерді қамтиды:

- *Формативті бағалау* – оқу процесін диагностикалауға және қолдауға бағытталған. Сабақ барысында және күнделікті оқу процесінде жүргізіледі. Мақсаты – білім алушының түсіну деңгейін анықтау, дер кезінде кері байланыс беру. Мұғалімдер бақылау, сұрақ-жауап, практикалық тапсырмалар, рефлексия сияқты әдістермен жүзеге асырады. Бағалар емес, сипаттамалық кері байланыс түрінде ұсынылады. Қателерді түзетуге, оқу стратегиясын өзгертуге көмектеседі. Формативті бағалау жүйесі АҚШ-тың narrative assessment жүйесіне ұқсайды және білім алушыларға оқудағы прогресі туралы кері байланыс беру арқылы жүзеге асырылады.

- *Жиынтық бағалау* – оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін объективті бағалауды және тіркеуді қамтамасыз етеді. Триместр, оқу жылы соңында өткізіледі. Нақты пән бойынша меңгерілген білім мен дағдыларды бағалайды. 100 балдық шкала арқылы бағаланып, әріптік баға мен GPA-ға айналады. Бағалау стандартталған рубрикалар мен критериалды жүйеге сүйенеді.

- *Түлектің негізгі құзыреттерін бағалау*, оған академиялық жетістіктер мен метапәндік құзыреттер, икемді дағдылар және жеке қасиеттер кіреді. Әр пән бойынша тек пәндік білім ғана емес, құзыреттілік критерийлері (мемлекетшілдік, академиялық жетістік, сыни және шығармашылық ойлау, эмоционалды интеллект, жауапкершілік, коммуникативтілік және ынтымақтастық және т.б.) ескеріледі. Бағалау құралы ретінде жобалар, кейстер, портфолио, зерттеу жұмыстары, дебаттар, рөлдік ойындар қолданылады. Бағалау білім алушының танымдық, эмоционалды, әлеуметтік және жобалық нәтижелерін қамтиды.

Бағалау жүйесі мына нәтижелерге бағытталған:

Нәтиже	Мазмұны
Академиялық білім	Теориялық білімді меңгеру, пәндік ұғымдарды түсіну, логикалық ойлау.
Метапәндік дағдылар	Сыни ойлау, проблеманы шешу, коммуникация, зерттеу және ақпаратты өңдеу.
Тұлғалық қасиеттер	Эмоционалды тұрақтылық, жауапкершілік, өзін-өзі басқару, көшбасшылық.
Көптілділік	Қазақ, ағылшын, орыс және қосымша тілде академиялық әрі кәсіби қарым-қатынас жасау.

Қоғамдық белсенділік	Волонтерлік, әлеуметтік жобалар, ұлттық және мәдени шараларға қатысу.
Зерттеушілік қабілет	Жеке және топтық зерттеу жұмыстары арқылы ғылыми зерттеу тәжірибесін игеру.
Кәсіби бағдар	Микроквалификациялар аясында алғашқы кәсіпке бейімделу, сертификат алу.

Бағалау жүйесі пәндік білім мен дағдыларды мектептің стратегиялық мақсаттарымен сәйкестендіру қағидатына негізделген. Бұл мақсаттар интеллектуалды дамыған, эмоционалды жетілген, ұлттық сана-сезімі жоғары және жаһандық бәсекеге қабілетті көшбасшыларды даярлауға бағытталған.

Бағалау қағидаттары:

- *формативті бағалау (ағымдағы бағалау)* – оқу процесінде өткізіледі және қорытынды бағалауға әсер етпейді, бірақ білім алушыларға өз білімдерін түзетуге көмектеседі.

- *жиынтық бағалау (қорытынды бағалау)* – соңғы баллды қою үшін негіз болады.

- *пәндік және түйінді құзыреттілік критерийлерін біріктіру* – бұл тек академиялық білімді ғана емес, сонымен қатар түлектің негізгі дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

- *ашықтық және объективтілік* – білім алушылар жай ғана сандық немесе әріптік баға алып қоймай, толыққанды кері байланыс алады.

Бұл жүйе халықаралық стандарттарға (IB, A-Level, AP, AҚШ және Еуропаның GPA жүйелері) сәйкес келеді, бұл түлектердің нәтижелерін әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мойындауына және халықаралық білім беру стандарттарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

2. БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ КІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

2.1 Педагогтерге арналған «Abai Programme» білім беру нәтижелерін кіріктірілген бағалау арқылы ұйымдастыру бойынша нақты ұсынымдар

«Abai Programme» бағалау моделі – бұл білім алушының жан-жақты дамуын кешенді түрде қамтитын, академиялық білім мен тұлғалық қасиеттерді қатар бағалайтын, халықаралық тәжірибеге негізделген озық жүйе. Мұғалімдер білім алушының тек пәндік жетістіктерін емес, оның көшбасшылық, азаматтық, эмоционалды және жаһандық қасиеттерін де бағалауы тиіс. Бұл тәсіл білім беру мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Формативті бағалау – бұл сабақ барысында білім алушының оқу барысын бақылауға, жетістіктерін анықтауға және оқыту процесін жекешелендіруге мүмкіндік беретін үздіксіз бағалау әдісі. «Abai Programme» аясында формативті бағалау тек оқу мақсатын бақылау емес, сонымен бірге білім алушының тұлғалық дамуын, ұлттық құндылықтарға бейімділігін және метапәндік құзыреттерін бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

Сабақта формативті бағалауды жүзеге асыру бойынша ұсынымдар:

1. Оқу мақсаттарын нақты белгілеу қажет, нақты айтқанда сабақ басталар алдында білім алушылармен сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін анық және түсінікті тілде талқылаңыз. Мысалы: «Бүгін біз экожүйелерді талдаймыз. Сабақ соңында сіздер экожүйе құрылымын сипаттай аласыз және адамның әсерін бағалай аласыз». Бұл тәсіл білім алушының неге ұмтылу керектігін түсінуге көмектеседі.

Сабақ мақсаты білім алушылар үшін түсінікті болу үшін SMART қағидатына (нақты, өлшенетін, қолжетімді, маңызды, уақытпен шектелген) сай болуы керек.

Сабақ барысында білім алушыларға әрбір тапсырманың сабақ мақсатымен байланысы көрсетіліп отыруы тиіс. Мысалы, «мына тапсырмада экожүйенің қызметін түсіну үшін оның құрылымын зерделейміз» деп.

2. Білім алушылардың алдын ала білімін анықтау ұсынылады. Жана тақырыпты бастамас бұрын білім алушылардың бастапқы деңгейін бағалау үшін шағын сауалнама, тақырыпқа қатысты 3-5 сұрақтан тұратын «алдын ала тест», «ақиқат/жалған» карточкалары қолданылады. Бұл білімдегі олқылықтарды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Сабақ басында осы мақсатта «Білемін – Білгім келеді – Үйрендім» (K-W-L) кестесін қолдану, Brainstorm әдісін пайдаланып, тақырыпқа қатысты бастапқы идеяларын тыңдау ұсынылады.

3. Тұрақты кері байланыс ұйымдастырыңыз, себебі формативті бағалау кезінде жедел және мазмұнды кері байланыс беру аса маңызды. Бұл білім алушыларға өз қатесін түсінуге және келесі әрекет жоспарын құруға көмектеседі.

Бұл мақсатта «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісін қолданыңыз: екі жетістігін, бір жақсартуға болатын тұсын айтыңыз. Сол сияқты, тапсырмада нақты не дұрыс, не қате болғанын түсіндіріп, келесі қадамы туралы ұсыныс беріңіз.

4. Сабақта жеңіл әрі үнемі қолданылатын бағалау тәсілдерін енгізіңіз. Формативті бағалау міндетті түрде үлкен тест немесе бақылау жұмысы болмауы тиіс. Қысқа әрі жүйелі әдістер тиімді нәтиже береді. Мысалы, «Шығу билеті» – сабақ соңында білім алушыдан сабақтың мақсаты бойынша бір сұраққа жазбаша жауап алу. «Бағалау матрицасы» – критерийлер бойынша өзін-өзі немесе сыныптастарын бағалау. «Қол белгілері» – не түсінгенін көрсету үшін бас бармақ жоғары/төмен/орташа.

5. Жүйелі түрде бақылау және тіркеу жүргізу маңызды, яғни білім алушының ілгерілеуін байқау үшін бағалау журналын немесе бақылау парағын қолдану ұсынылады. Әр білім алушының үлгерімі бойынша ескертпелер жазып, келесі сабақта жекелендірілген қолдау көрсету керек. Мысалы, Google Forms немесе Microsoft Excel арқылы электронды бақылау жүйесін жүргізуге болады. «Прогресс картасын» жасап, білім алушының өз жетістіктерін қадағалауына мүмкіндік беру ұсынылады.

Формативті бағалау – «Abaу Programme» аясындағы білім беру нәтижелеріне жетудің басты тетігі. Ол тек білім алушыны бағалау құралы ғана емес, оның оқуға деген ынтасын арттырып, дербестікке, рефлексияға және үздіксіз даму мәдениетіне баулиды. Мұғалім бұл процесте бағалаушы ғана емес, кеңесші, бағыттаушы және серіктес ретінде әрекет етеді.

Жиынтық бағалау (Summative Assessment) – оқу кезеңінің соңында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылатын құрал. Бұл бағалау түрі білім алушылардың білім деңгейін, дағдыларын және оқу мақсаттарына жетуін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауды ұйымдастыруға арналған ұсынымдар:

1. Жиынтық бағалау оқу мақсаттарымен тығыз байланысты болуы тиіс. Бағалау тапсырмалары білім алушылардың осы мақсаттарға қаншалықты жеткенін көрсетуі керек. Бағалау тапсырмаларын құрастырғанда оқу мақсаттарын нақты анықтап алыңыз. Әр тапсырма оқу мақсатына сәйкес келетінін тексеріңіз.

2. Бағалау критерийлері білім алушыларға не бағаланатынын және қалай бағаланатынын түсінуге көмектесетіндей нақты және түсінікті болуы тиіс. Бағалау рубрикасын (rubric) жасап, білім алушылармен бөлісу ұсынылады, ол жиынтық бағалау тапсырмаларын дұрыс орындауға бағдарлайды. Рубрикада әр деңгейдің сипаттамасы нақты көрсетілуі маңызды.

3. Білім алушылардың әртүрлі дағдыларын ескеру үшін бағалаудың әртүрлі түрлерін пайдалану ұсынылады. Жазбаша жұмыстар (эссе, есептер), жобалар, презентациялар, тесттер және практикалық тапсырмаларды қолдану тиімді.

4. Жиынтық бағалау нәтижелері бойынша кері байланыс білім алушыларға өз жетістіктері мен даму бағыттарын түсінуге көмектеседі. Бағалау

нәтижелерін білім алушылармен жеке немесе топтық түрде талқылау тиімді нәтиже береді. Оның барысында білім алушыларға жетістіктері мен жақсарту қажет тұстарын нақты көрсету ұсынылады.

Жиынтық бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Жоғарыда ұсынылған әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы педагогтер бағалау процесін тиімді ұйымдастырып, білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартып алады.

2.2 «Абай ұлттық мектебіндегі» бағалау шкаласы мен академиялық GPA

«Абай ұлттық мектебінде» бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес 100 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады (батыс білім беру жүйелері үлгісінде).

Білім алушылардың жетістіктері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда қорытынды балл төмендегі шкалаға сәйкес әріптік бағаға айналдырылады:

Баллы (100-балдық шкала)	Әріптік бағаға	GPA (Grade Point Average)	Мәні
90 – 100	A	4.0	Өте жақсы (пәнді толық меңгеру)
80 – 89	B	3.0	Жақсы (жоғары деңгей)
70 – 79	C	2.0	Қанағаттанарлық (материалды сенімді меңгеру)
60 – 69	D	1.0	Қанағаттанарлық төмен (негізгі деңгей)
50 – 59	E	0.5	Өту деңгейі (минималды деңгей)
0 – 49	F	0.0	Қанағаттанарлықсыз (қажетсіз деңгей)

Академиялық GPA (Grade Point Average)

GPA – білім алушының жалпы академиялық нәтижесінің орташа есептелген бағасы, ол барлық оқу пәндерінің нәтижелерін академиялық кезең (семестр, жыл, толық оқу курсы) бойынша есептеу негізінде анықталады.

GPA есептеу формуласы:

$$GPA = \frac{\sum (\text{пәндіер бойынша баға})}{\text{пәндер саны}}$$

Мұнда:

Баға – әріптік баламасына сәйкес келетін сандық мән,

Пәндер саны – оқылған барлық пәндердің жалпы саны.

GPA есептеу формуласы келесі қадамдар арқылы жүзеге асырылады:

$$GPA = \frac{\text{Барлық пәндер бойынша баллдардың қосындысы}}{\text{Пәндер саны}}$$

- Әр пән бойынша алған **әріптік бағалар** (A, B, C, D, E, F) **сандық мәнге** (4.0, 3.0, 2.0, т.б.) ауыстырылады.
- Барлық пәндер бойынша осы **сандық мәндер қосылады**.
- Нәтиже **пәндер санына бөлінеді**.

Мысалы:

Білім алушы 5 пәннен келесі әріптік бағаларды алды: математика – A (4.0); физика – B (3.0); қазақ тілі – A (4.0); биология – C (2.0); Қазақстан тарихы – B (3.0)

GPA есептеу үлгісі: $(4.0 + 3.0 + 4.0 + 2.0 + 3.0) \div 5 = 16 \div 5 = 3.2$

Білім алушының GPA көрсеткіші – **3.2**, бұл жақсы деңгейдегі үлгерім екенін көрсетеді.

GPA есептеу бойынша педагогтерге ұсыныстар:

1. Бағалар мен баламаларды нақты сәйкестендіріңіз, яғни әріптік бағаның қандай сандық мәнге сәйкес келетінін кесте түрінде көрсетіп, соған сай есептеңіз (мысалы: A – 4.0, B – 3.0, C – 2.0, D – 1.0, E – 0.5, F – 0.0).

2. Барлық пәндерді есепке алыңыз, яғни GPA есептегенде тек негізгі пәндерді ғана емес, таңдау пәндерін, жобалық жұмыстарды, өнер, спорт сияқты бағаланатын барлық пәндерді енгізіңіз.

3. Есептеуді жүйелі түрде жүргізіңіз, яғни әр оқу кезеңінің соңында (семестр, жыл) GPA-ны қайта есептеп, өзгерістерді қадағалаңыз. Бұл стипендиялар мен гранттарға өтініш беру кезінде маңызды болады.

4. Академиялық және әлеуметтік GPA-ны шатастырмаңыз, себебі SGPA (Social GPA) – тәрбие мен көшбасшылық бағыттағы белсенділікті бағалайды. Ал GPA – тек пәндік үлгерімді көрсетеді.

GPA – білім алушының академиялық жетістігін әділ және бірізді бағалауға арналған құрал. Оны дұрыс және нақты есептеу білім алушының оқу мотивациясын арттырып, білім алу стратегиясын тиімді жоспарлауға көмектеседі. Сонымен қатар, GPA халықаралық университеттер мен білім беру бағдарламаларына қабылдануда маңызды көрсеткіш ретінде қарастырылады.

«Абай ұлттық мектебі» жүйесіндегі GPA білім алушылардың үлгерімін бақылау үшін қолданылады. GPA Қазақстан мен әлемнің жоғары оқу орындарына түсу кезінде маңызды көрсеткіш болып табылады.

2.3 Абай ұлттық мектебіндегі әлеуметтік GPA (SGPA)

Абай ұлттық мектебінде академиялық GPA (Grade Point Average) жүйесімен қатар, әлеуметтік GPA немесе SGPA енгізіледі.

SGPA – бұл білім алушының тәрбиелік, көшбасшылық, волонтерлік және тұлғалық даму салаларындағы белсенділігін бағалайтын көрсеткіш. Бұл GPA-ға ұқсас, бірақ академиялық үлгерімге емес, білім алушының мектеп өміріндегі

қоғамдық және тұлғалық жетістіктеріне негізделеді. SGPA білім алушылардың тәрбие жобаларына қатысуын және белсенділігін бағалайды. Бұл көрсеткіш түлектің метапәндік құзыреттері мен икемді дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік және көшбасшылық бағдарламаларға қатысу деңгейін көрсетеді.

SGPA академиялық GPA-ға әсер етпейді, бірақ бөлек есептеледі, бұл білім алушының жеке дамуын, азаматтық белсенділігін, көшбасшылық қасиеттерін және мектеп пен қоғамға қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл көрсеткіш білім алушының тәрбиелік іс-шараларға, волонтерлік жобаларға, көшбасшылық бастамаларға, спорттық, мәдени және әлеуметтік іс-шараларға қатысуын ескере отырып, түлектің жан-жақты бейінін қалыптастырады.

Академиялық бағалау жүйесі сияқты, SGPA-да да нақты критерийлер мен дескрипторлар қолданылады, олар білім алушылардың сыныптан тыс іс-әрекеттерге қатысу деңгейі мен сапасын объективті түрде бағалауға көмектеседі.

SGPA бес категориядан тұрады, әрқайсысы 4-балдық жүйе бойынша бағаланады (академиялық GPA сияқты) және нақты критерийлер мен дескрипторлар қолданылады.

Категория	Сипаттама	Максималды балл (4.0)
Көшбасшылық және әлеуметтік ықпал	Білім алушылардың өзін-өзі басқару, клубтар мен ұйымдардағы қатысуы, қоғамдық жобалардағы бастамашылық.	4.0
Еріктілік және қоғамдық қызмет	Волонтерлік жобалар, қоғамға көмек көрсету, қайырымдылық акцияларына қатысу.	4.0
Ұлттық бірегейлік және мәдени жобалар	Қазақ мәдениеті, тарихы мен дәстүрлерін сақтау және дамытуға бағытталған бағдарламаларға қатысу.	4.0
Жаһандық ақпараттан хабардарлық және халықаралық құзыреттілік	Халықаралық жобалар, алмасу бағдарламалары және мәдениетаралық бастамаларға қатысу.	4.0
Эмоционалды интеллект және жеке тұлғаның дамуы	Өзін-өзі дамыту, көшбасшылық, психология бойынша курстарға қатысу, өзін-өзі рефлексиялау және менталдық әл-ауқат бағдарламалары.	4.0

Қорытынды SGPA барлық категориялардың арифметикалық орташа мәні ретінде есептеледі.

$$GPA = \frac{\sum (\text{категория бойынша баллдар})}{\sum \text{категориялар саны}}$$

SGPA бойынша қорытынды балл есептеу үлгісі:

SGPA бойынша қорытынды балды есептеу бес негізгі категориядан (көшбасшылық және әлеуметтік ықпал, еріктілік және қоғамдық қызмет, ұлттық сәйкестілік және мәдени жобалар, глобалдық хабардарлық және халықаралық құзыреттілік, эмоционалдық интеллект және тұлғалық даму) алған бағалары қосылып, 5-ке бөлінеді.

Мысалы: көшбасшылық және әлеуметтік ықпал – 4,0, еріктілік және қоғамдық қызмет – 3,5, ұлттық сәйкестілік және мәдени жобалар – 4,0, глобалдық хабардарлық және халықаралық құзыреттілік – 3,0, эмоционалдық интеллект және тұлғалық даму – 3,5.

Есептеу үлгісі: $SGPA = (4.0 + 3.5 + 4.0 + 3.0 + 3.5) \div 5 = 18.0 \div 5 = 3.6$

Білім алушының SGPA көрсеткіші – 3.6, бұл оның мектеп өміріндегі белсенділігі өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

SGPA есептеу бойынша педагогтерге ұсыныстар:

1. Әрбір іс-әрекет нақты дәлелденуі қажет, яғни білім алушының қатысқан жобалары, волонтерлік сағаттары, мәдени шаралар, көшбасшылық бастамалар нақты құжатпен немесе куәлікпен расталуы тиіс.

2. Дескрипторлар мен критерийлерді алдын ала анықталуы тиіс, яғни әр категорияда қандай әрекеттер 4.0 баллға, қайсысы 3.0 не 2.0 баллға сәйкес келетінін нақтылап алыңыз.

3. Объективтілік пен әділдік сақтау маңызды, ол үшін тәлімгерлер объективті критерийлерге сүйеніп бағалау жүргізуі керек.

SGPA мектеп түлегінің қоғамдық белсенділігін, азаматтық жауапкершілігін және тұлғалық жетілуін сандық түрде көрсетуге мүмкіндік беретін бағалау жүйесі. Оны дұрыс есептеу арқылы білім алушының сыныптан тыс тәрбие мен қосымша білім беру саласындағы жетістіктері әділ бағаланып, болашақ академиялық және кәсіби өмірінде оң әсер етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Abai Programme» бағалаудың кіріктірілген жүйесі – заманауи білім беру талаптарына толық жауап беретін, білім алушының жан-жақты дамуын қолдайтын кешенді бағалау моделі. Бағалаудың бұл жүйесі білім алушының тек пәндік үлгерімін ғана емес, сонымен қатар метапәндік дағдыларын, икемді дағдылары мен тұлғалық қасиеттерін, кәсіби бағдарлануын және қоғамдық белсенділігін де қамти отырып, оның толыққанды азамат ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бағалау процесі академиялық жетістіктер мен метапәндік құзыреттерді, икемді дағдыларды тұтас қамтып, оқу мен тәрбиені ажырамас процестер ретінде қарастырады.

Бағалау жүйесінің ең негізгі ерекшелігі – құзыреттілікке негізделген формативті және жиынтық бағалаудың өзара үйлесімділігі. Формативті бағалау сабақ барысында білім алушының оқу барысын бақылауға, жетістіктерін нақтылауға және дер кезінде кері байланыс беруге бағытталған. Бұл бағалау білім алушының рефлексия жасауына, оқу стратегиясын түзетуіне мүмкіндік береді және оқуға деген ішкі мотивацияны арттырады. Жиынтық бағалау оқу кезеңінің соңында білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін объективті түрде өлшейді және тіркейді. Сонымен қатар, бағалау білім алушының жеке дамуы мен болашақ өмірге дайын болуын қамтамасыз ету үшін түлектің негізгі құзыреттерін (мемлекетшілдік, сыни ойлау, эмоционалды интеллект, көшбасшылық және т.б.) де есепке алады.

«Abai Programme» моделіндегі GPA және SGPA жүйелерінің үйлесімі білім алушының академиялық және әлеуметтік жетістіктерін теңдестірілген деңгейде бағалауға мүмкіндік береді. GPA үлгерімнің академиялық жағын сандық тұрғыда бейнелесе, SGPA білім алушының сыныптан тыс және қосымша білім беру жүйесінде белсенділігін, азаматтық ұстанымын, көшбасшылық қабілетін сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай модель білім алушының жан-жақты дамуына жол ашады және шынайы өмірге дайын тұлға қалыптастырады.

«Abai Programme» бағалау жүйесі – білім берудің мазмұны, тәсілдері мен нәтижелерін тиімді үйлестіретін, білім алушыны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған бірегей жүйе. Ол мұғалім үшін – нақты нұсқау беретін әдістемелік құрал, білім алушы үшін – өзіндік прогресін көруге мүмкіндік беретін айна, ата-ана үшін – баласының дамуын қадағалауға арналған сенімді индикатор. Бағалаудың кіріктірілген тәсілі Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесін жаңа сапалы деңгейге көтеріп, халықаралық стандарттарға сай келетін адами капитал қалыптастыруға жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Karam S. Exploring Meaningful Ways of Assessing Students. 07 May, 2024. // https://www.eton.edu.mx/news/2024/5/6/exploring-meaningful-ways?utm_source=chatgpt.com
2. Harkness // <https://exeter.edu/academics/harkness/>
3. Formative assessment. Know where your students are in their learning// <https://www.edresearch.edu.au/sites/default/files/2021-03/AERO-Tried-and-tested-guide-Formative-assessment.pdf>
4. Formative assessment: Practice guide // <https://www.edresearch.edu.au/guides-resources/practice-guides/formative-assessment-practice-guide-full-publication>
5. Formative and Summative Assessments// <https://poorvucenter.yale.edu/Formative-Summative-Assessments>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 Білім беру нәтижелерін бағалаудың кіріктірілген жүйесінің ерекшеліктері	5
2 Білім беру нәтижелерін бағалаудың кіріктірілген жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар	11
Қорытынды	17
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	18